



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие — ел болашағы.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Ұлттық тәрбиені ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарауға болады. Ол үшін ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуді мақсат етіп алуымыз жөн. Әрине, тәрбие жалаң болмауға тиіс. Жалаң тәрбие қауқарсыз. Кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайылыққа айналады [4]. Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының технологиясы қалай дегенде де ұлтымызға, болашағымызға тұғыр болатын ұлттық тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз .

Қолданылған әдебиет

1. Зауре Арынова «Елбасы жолдауындағы ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы ұрпақ тәрбиесінің рөлі» ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты - Астана қ. «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары». Әдістемелік құрал.- Астана: БІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. -3-6б
2. «Қазақстан 2020 болашаққа жол» ҚР Үкіметінің 2013жылғы 27ақпандағы №191 қаулысы // ресми мәтін. – Астана, 2013
3. Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы <http://mtdi.kz/oku-adisteme/>

УДК 37.035.6 (574)

ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМІН АРТТЫРУДА БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ ДӘРЕЖЕСІ ТЕҢ

Әбдімәулен Гүлмира Әбдімәуленқызы

abdimaulen_ga@enu.kz

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, педагогика ғылымының магистрі,
филология факультеті деканның студенттермен жұмыс жөніндегі орынбасары,
Астана, Қазақстан

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Осы тақырып мәселесі барлық қоғамдық, мемлекеттік, саяси, мәдени-рухани тақырыптардың өзегі деуге болады. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына Жолдауында «оқыту үрдісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажеттілігін» ерекше ескерткен және олардың ең бастыларының қатарында «патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттық, тәннің де, жанның да жан-жақты толық дамуы, заңға мойынұсынушылық» нақты аталды. Сонымен қатар, «аталған құндылықтар меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан еліміздің барлық оқу орындарында кеңінен орындалып, жастар бойына сіңіруге тиіс». Ондай болса, патриотизм идеясы жастарға білім мен тәрбие берудің барлық бағдарламасынан көрініс тауып, жалпы көпшіліктің де одан хабардар болғаны жөн.

Бүгінгі күні Еліміздің егемендікке жетуі халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасауда. Қазіргі кезде барлық оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша

көзқарас тұрғысынан қарауды және жас ұрпақтың патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің жаңаша формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұндай бағдарламалар мен жобалар бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық сияқты мінез-құлықты бойынан табуға болатын жастарды өсіру үшін білім мен тәрбие екеуін қатар қолданып әрбір жастың бойына дарытуға бірден бір қажетті құрал болмақ.

Балабақша мен оқу орындарына дейін әрбір баланың ойлау қабілетінің жоғары, дені сау болуына әрине отбасы тәрбиесінің алар орны ұшаң теңізбен тең. Еліміз дүние есігін ашқан әрбір сәбидің барлық жағдайының болуына көп көңіл бөлуде. Адамның тұлғалық қасиетінің жақсы немесе жаман болып қалыптасуына әсер етуші фактор – жанұя. Әрбір сәби кішкентай кезінде көрген-түйген дүниелерін кейін өзі бөлек отау құрғанда жаңа отанына алып барады. «Отан – отбасынан басталады!» дегендей отанды сүю- отбасынан басталары анық. Себебі отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Адамның жеке басының қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасындағы тәрбиеден қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді.

Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. Отбасы – өте қажетті, құнды, басқадай ешнәрсемен өзгертіп немесе теңестіруге болмайтын баспалдақ. Осындай ойды қорта келгенде еліміздің болашақ дамуына үлес қосатын жастардың елге деген патриоттық сезімі ең алдымен өзі тәрбиеленіп жатқан жанұясында оянбақ. Әрине сол бір қасиет көзбен көріп, қолмен ұстап тұратындай зат немесе бұйым емес, ол адамның сөзінен, іс-әрекетінен, адамдармен қарым-қатынасы кезінде байқалатын әдемі бір мінез болып қала бермек. Дана мектебінің дара тұлғасы Төле би: «Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі - талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы- өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» деген екен. Осыншама қасиетті бойына сіңірген жастарымыздың патриоттық сезімін ары қарай дамытуға отбасы тәрбиесіне қосымша баланың жас ерекшелігіне қарай балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары мен қоғамдық бірлестіктердің көмегі арқылы дамып отырады.

Өз елінің патриоты болу әрбір азаматтың парызы мен міндеті. Жас ұрпақтың бойындағы патриоттық сезім өз-өзінен қалыптаспайды, ол отбасы тәрбиесінен кейінгі оқу-тәрбие үрдісінде мемлекеттік саясат негізінде жүргізілу керектігін бүгінгі заманның өзі талап етіп отырғаны анық. Білім беру мен тәрбиелеудің негізгі міндеті – өз елінің азаматын, патриотын тәрбиелеу. Қазақстанның барлық оқу орындары оқушыларына этностық ерекшеліктерімізді, халқымыздың тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін насихаттау жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің ең тиімді жолы болып табылады. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда салт-дәстүрлердің атқаратын орны өз бетінше ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен қазақ халқына сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын аялап, адам бойына сіңіру. Қазақстан көпұлтты мемлекет, барлық ұлт бір-бірімен тату тәтті өмір сүріп жатуына осы елдегі адамдардың патриоттық сезімінің жоғары деңгейде болуының да әсері бар екендігі анық.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында жастарға патриоттық тәрбие беруде кез-келген пәннің алар орны ерекше. Соның ішінде атап өткім келетіні тарих пәні. Тарих арқылы өз халқының тарихының өнегелі жақтарын білу, өз елінің келешегі мен бүгінгі қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, оларға еліктеу, сай болу патриотизмнің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Жалпы Қазақстанда тұратын халықтардың қазақ халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын дамыту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру да патриоттық тәрбиелеудің негізгі бағдары болмақ.

Елбасының бастамасымен үстіміздегі жылы бірнеше атаулы күндер аталып өтпек. Соның бірі Керей мен Жәнібек Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа орналасып,

қазақтың туын көкке көтергеніне 550 жыл толуын атап өту. Мемлекет құрылуының мерейтойы ең алдымен азаматтардың патриоттық сезімдерін арттыру мен қазақстандық мемлекеттілікті нығайтуға бағытталып отыр. Осы бағытты негізге ала отырып өзін қызмет атқарып жүрген оқу орнында «Қазақ хандығы 550 жыл» тақырыбында үлкен кеш өткізілді. Кешке қатысқан әрбір жастардың бойынан патриоттық сезімге толы мейірім мен жалынды көре алдым деуге болады. Осы тұрғыдан қазақстандық патриотизм Қазақстан азаматының өзін осы елдің тұл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасатындығына көз жетті. Қазақстандық патриотизм дегеніміз:

1. Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарап, шын ниетімен қадірлеуі;
2. Қазақстанда тұратын барлық адамдар халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға шын ниетімен дайын болуы;
3. Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық патриоттық мақтаныш сезімінің болуы;
4. Қазақ елінің тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға өз үлесін қосуға дайын болуы;

Өз тарихын білу – ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этикалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарға жалғасын табуы маңызды. Қазіргі ұрпақтың өз халқымен бірлігін сезінушілігі және өзін оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей минаскоры мен нақты сақтаушысы әрі жалғастырушысы ретінде сезінуінің мәні зор болмақ.

Өкінішке орай, нарықтық қатынастардың кеңінен орын алуы, ересектердің тәрбиеге жеткіліксіз көңіл бөлуі, ата-аналардың уақытының жетіспеушілігі мен қолдарының тимеуі отбасындағы жастар тәрбиесінің ролін мен мерейін түсірері шындық. Әсіресе, мұндай жағдайларда өзінің ескі арнасын жоғалтқан патриоттық, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру мен оған қайта тәрбиелеудің жаңа әдістері мен тәсілдерін ойлап табу, оқу орындарының мойнына жүктеледі. Патриоттық сананы қоғамдық өмірде бекітетін бірден-бір институт – жоғары оқу орындары мен басқада білім мен тәрбие беру мекемелері. Олардың көмегімен патриоттық сана қоғамдық өмірге бекітіліп, мемлекет тарапынан қолдауға және бағдарлауға ие болады. Студент жастар қоғамның әлеуметтік құрылымында ерекше орын алады. Ендеше, қазірге студент жастар өздерінің тұлғалық- кәсіби нығаюға бет алуының жоғары деңгейімен, шығармашылық потенциалымен, Қазақстанның әлеуметтік жаңғыру процесіне шынайы іс жүзінде қалыптасуға деген белсенді қызығушылығымен, қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарына, өзінің әлеуметтік бағдарларына деген даралық көзқарастарымен ерекшеленуі тиіс.

Біздің елімізде азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет қалыптастыру жастардың азаматтық және патриоттық санасының қалыптасуы деңгейіне тәуелді. Қазіргі таңда еліміздің азаматының мемлекет және қоғамға деген көзқарасы түбегейлі өзгерген. Әрбір азамат өз-өзін әртүрлі салада жеке тұлға ретінде қалыптастыру мүмкіндігін алды және өзі мен өзгелердің тағдырына деген жауапкершілігі артты. Осы дәлелдерді ұстана отырып Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жастардың патриоттық сезімін арттыру негізінде азаматтық-мәдени даму бағдарламасы аясында көптеген тәрбиелік мәні жоғары іс-шаралар атқарылады. Бұл бағдарлама бірнеше бағытта жұмыс атқарады. Олар:

1. Интеллектуалды мәдениетті дамыту;
2. Азаматтық-патриотты дамыту;
3. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру;
4. Рухани-адамгершілік мәдениетті қалыптастыру;
5. Ұлтаралық келісім мен толеранттылықты қалыптастыру;
6. Дескурсивті діни идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыру;
7. Кәсіби-қызметтік және экономикалық даму;
8. Саламатты өмір салтын қалыптастыру және денешынықтыру мәдениеті;
9. Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру;

Біздің университеттің тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты: рухани дүниесі бай, денсаулығы мықты, жоғары азаматтығы гуманизммен ұштасқан, әлеуметтік тұрғыда белсенді, бастамашыл, толерантты, шығармашылықты, инновациялық, әлеуметтік-мәдени өзгерістерге қабілетті, ХХІ ғасырға лайықты, елін сүйген патриот тұлға қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау.

Тәрбие қызметінің басты міндеттері: студенттердің корпоративтік рухын көтеруге бағытталған, жеке тұлғаның рухани және шығармашылық жұмыстардың үздіксіз дамуына, өзін-өзі дамытуына, кәсібилік, бәсекеге қабілетт, сыни көзқарас пен ойлаудың стандартты емес үлгілерінің болуына, мәдени-толеранттылық, белсенді жасампаздық бастау, тағы да басқа адами ұстанымдарды қалыптастыратын тәрбие беру жүйесі мен тәрбиелік ортаны құру мен қолдау. Осы аталған қасиеттердің барлығы патриоттық сезімге толы екендігін айта отырып, қоғамдық-саяси сауаттылықты қалыптастыруға басымдылық береміз.

Тәрбие жұмыстарын жүргізуге бағытталған барлық сала әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени дамуының күшіде болып табылады. Олай болса, студент жастардың тұрмысы мен болмысына, тәлімі мен тағылымына үстірт қарауға болмайды. Осы тұрғыдан Елбасы Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуына қатысты жасалған Бағдарламада ерекше тоқталған мәселесі «... мен жас ұрпақтың ел болашағы үшін маңызын атап көрсетіп келдім және атап көрсете беремін. Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қажет болуы үшін бәрін де жасайды» - деген болатын. Осы ұстанымды басшылыққа алып, жоғары оқу орны ұстаздарына, оқу процесімен қатар тәрбиелік мәні көп жұмыстардыда атқару жүктелгендігін айтып, жастар болмысына әсер ететін құбылыстарды тұтас түрде қарағанымыз жөн.

Әрине, елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге, оқытушылар алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Әрбір сабақта оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдаланып, қазіргі заманауи инновациялық технологияларды меңгеру білім саласына елеулі әсерін тигізуде.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында қазақстандық оқу орындарына әлемдік стандарт деңгейінде білім беру тапсырмасы жүктелген. Осы арада Әл – Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас – жауы» деген сөзді негізге ала отырып, патриоттық сезімі жоғары, мәдениетті, бәсекеге қабілетті жастарымыздың білімін жетілдіру үшін оларды ғылым саласына баулып, шет елдерде білім алуға арналған бағдарламалармен қалай жұмыс жасауға болатындығы туралы ақпараттар беріп, қашықтан оқытудың тиімді жолдарымен әрбір тәжірибелік сабақтарда қосымша мәліметтер беру арқылы тәрбиелеуге болады.

Қазіргі оқу үрдісімен қатар көп сұранысқа ие болып тұрған саланың бірі ол – ғылым саласы. Жалпы ғылымды оқып үйренудегі, білудегі негізгі мақсат сал ғылым жөнінде жақсы сөйлей алып, я болмаса оның теориясын жақсы айта білу емес, ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижесінің көмегімен өз өміріне қажетті мәселелерді шешіп, жаңаша инновациялық жаңалықтар ашып, еліміздің экономикалық дамуына ғылыми тұрғыдан үлес қосып, ғылым жолын қорықпай, кең ауқымда қолдануға болатындығын насихаттау. Патриоттық сезімі жоғары жастарды білім берудің жаңа заман талабына сай бағыттар арқылы ғылым жолына тарту, баулу қазіргі мектептер мен жоғары оқу орны оқытушылар мен мұғалімдердің алдына қойылған күшті талап. Білімі жақсы, тәрбиелі және ғылымға деген қызығушылығы бар, бос уақытын тиімді ғылыми-зерттеу жұмыстарымен, болмаса спортпен айналысумен өткізетін кез-келген жастың бойынан патриоттық сезім өздігінен пайда болары анық.

Қорыта келе, еліміздің жастарының бойына біткен ерекше таланттарын өшірмей, өзінің қабілетіне қарай жанына жақын жұмыстармен айналысуға мүмкіндік жасасақ, білім беру мен тәрбиелеуді бір-бірімен ұштастыра қолдансақ, қазақстандық патриоттар санының күннен күнге арта түсері анық.

Қолданылған әдебиет

1. Галиева Б.Х. Тәрбие теориясының өзекті мәселелері.- Павлодар, 2010, 1-7 бет
2. Абдыхалыкова Ж.Е. АҚШ-тың жоғары білім беру жүйесіндегі студенттерге академиялық қолдау көрсетудің ерекшеліктері.- Астана, 2013
3. Орынтаева Ж.А. Білімді ақпараттандыру және оның болашақ мұғалімдерді дайындаудағы әсері.- Алматы, 2007
4. Кеңесбаев С.М. Студенттерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға жүйелі деңгейде дайындау. Хабаршы, Абай атындағы ҚазҰПУ, №3, 2004ж
5. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің азаматтық-даму бағдарламасы.- Астана 2013
6. Патриоттық тәрбие // Қазақстан мектебі – 2005 - №8 – 72 - 73 бет.

УДК 37.013.42

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ

Базарова Айнұр

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекші – Сламбекова Т.С.

Бүгінде әлемдік ғылыми айналымда жеке тұлғаның әлеуметтік сипатын қалыптастыру және осы мақсатта ұйымдастырылатын жұмыс ерекшеліктерін нақтылау мәселесі өзекті де, көптеген ізденісті қажет ететін мәселе болып отыр.

Біздің мемлекетімізде бүгінде қарқынды жүріп жатқан әлеуметтік, экономикалық, мәдени, ғылыми өзгерістер жеке тұлға тіршілігінің барлық жақтарына қарқынды әсер етеді. Белгілі бір қоғамда, әлеуметтік ортада, топта қабылданған мінез-құлық үлгілерін, адамгершілік сапаларды, этникалық құндылықтар мен нормаларды жеке тұлға бойына сіңіру, олардың әлеуметтену сапасының нәтижелі болуына ықпал етеді. Жеке тұлғаның әлеуметтік бітім-болмысы және адамдық қасиеттерінің негізгі белгілері көптеген орта, ондағы адамдардың кісілік бітімінің, қарым-қатынасының негізінде қалыптаса бастайды. Олай болса, қоғамның ілгерілеуі мен болашағы жеке тұлғаға әсер етуші объективті орталардың әсерінен болмақ.

Қазіргі кезде отандық және шетелдік ғалымдар әлеуметтену саласында зерттеу жұмыстарын кеңінен жүргізуде. Шығу тарихынан бастап, жеке тұлғаны әлеуметтендірудің қазіргі таңдағы жағдайы толық қамтылуда. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру ортасы, факторлары, әлеуметтендіру институттары және т.б. бойынша ауқымды зерттеу, зерделеу, анықтау жұмыстары да күрделене түсуде.

Жеке тұлғаның жалпы даму проблемалары туралы ағартушылар өз еңбектерінде құнды ой-пікірлер мен педагогикалық тұжырымдарын көрсеткен. Жеке тұлғаны әлеуметтендіруді психологиялық және педагогикалық тұрғыдан қарастырған еңбектер де аз емес.

Жас ұрпақтың әлеуметтік сипатымен айналысушы ғалым-зерттеушілер: И.С.Кон, А.В.Мудрик, П.И.Пидкасистый т.б. және отандық педагог ғалымдар Г.А.Уманов, Д.И.Хмель, М.И.Мұқанов, Л.Ә.Байсерке т.б.. Ал, жас ұрпақты тікелей білім беру базасы - мектепте әлеуметтендірудің негіздері А.Н.Нысанбаев, З.У.Кенесарина, О.Н.Нұсқабаев, Д.К.Кішібеков, А.Н.Тесленко, Г.Л.Нұрманбетова, М.С.Керімбаева, Г.А.Жақыповалардың т.б. ғылыми-зерттеу еңбектерінде тұжырымдалған.

Жеке тұлғаның қалыптасып, жетілуіне бұқаралық ақпарат құралдарының күдіретті күші ерекше. Олар балаға моральдық қалып туралы түсініктерді береді, оның мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал етіп, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын береді.

Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарының негізінде жеке тұлғаны әлеуметтендіру